

**"Әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселелері бойынша алдын ала шешімдер қабылдаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 514 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 9 тамыздағы № 784 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 тамызда № 23956 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселелері бойынша алдын ала шешімдер қабылдаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 514 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18759 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 65-бабы 19-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселелері бойынша алдын ала шешімдерді беру қағидаларында, шарттарында және мерзімдерінде:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселелері бойынша алдын ала шешімдерді беру қағидалары, шарттары және мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 65-бабы 19-тармағына сәйкес әзірленді және әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселелері бойынша алдын ала шешімдерді (бұдан әрі – алдын ала шешім) беру тәртібін, шарттары мен мерзімдерін айқындайды.

2. Аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына (бұдан әрі – орган) өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында органның ақпараттық жүйесі арқылы құжаттардың сканерленген көшірмелерін қоса бере отырып, алдын ала шешім қабылдау туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) беруі

алдын ала шешім берудің шарты болып табылады. Органның ақпараттық жүйесі істен шыққан жағдайда, өтініш қағаз жеткізгіште ұсынылады, сондай-ақ алдын ала шешім қағаз жеткізгіште беріледі.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Алдын ала шешім қағаз жеткізгіште өтініш берілген жағдайда – өтінішті органның кеңсесінде тіркеген күннен бастап, ал органың ақпараттық жүйесі арқылы өтініш берілген жағдайда – электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қойылып өтініш жіберілген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күн ішінде беріледі.

7. Алдын ала шешім осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 1 (бір) тауардың кедендік құнын айқындау әдісіне қатысты өтініш берушіге беріледі және электрондық нысанда немесе қағаз жеткізгіште 2 (екі) данада толтырылады, олардың біреуі органда қалады, ал екіншісі өтініш берушіге жіберіледі.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселелері бойынша алдын ала шешімдерді қолдану қағидалары мен мерзімдерінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселелері бойынша алдын ала шешімдерді қолдану қағидалары мен мерзімдері "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 65-бабы 19-тармағына сәйкес әзірленді және әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану мәселелері бойынша алдын ала шешімдерді (бұдан әрі – алдын ала шешім) қолдану тәртібі мен мерзімдерін айқындайды."

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәлеметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданылысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК